

МҒТАР 17.17.01

Г.К. Кажибоева¹, Б.К. Хумар¹

¹Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы

ТҰРСЫНБЕК КӘКІШЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Мақалада ғалым, сынишы, әдебиеттанушы Тұрсынбек Кәкішевтің шығармашылығына ізденіс жасалады. Ғалымның саналы ғұмырын сарп еткен ғылым жолындағы ізденісі терең де көлемді. Ол әдебиеттану ғылымына өлшеусіз үлес қосып, архивтік тарихи деректерге сүйеніп, зерттеу еңбектерінде ақиқатты негізге алды. Оның ғалымдық болмысының ерекшелігі де сонда. Ғалымды зерттеушілер Тұрсынбек Кәкішев еңбектерін ұлтшылдық, Сәкен, Сәбит, Мағжан мәселелерімен байланыстыра қарастырады. Мақалада ғалымның шығармашылығы талданады, ол жөнінде зерттеушілердің пікірлері, көзқарастары көрсетіледі. Ғалым еңбектерін зерттеушілердің ой-пікірлері, мақалалары мен зерттеу еңбектері сараланады.

Кілт сөздер: ұлттық идея, тіл мәртебесі, ұлтшылдық, сәкентану, сәбиттану

КІРІСПЕ

Мақалада қазақ әдебиеттану ғылымы мен сынының ауыр жүгін арқалаған, ел мүддесі үшін еңбектенген, ұлттық ғылыми-зерттеушілік және сыншылдық-эстетикалық ой-пікірдің дамуына мол үлес қосқан әдебиетші, ғалым Тұрсынбек Кәкішевтің еңбектері талданады. Ол өзінің саналы ғұмырын қазақ әдебиеттану ғылымының дамуына арнады. Ғалымның саналы ғұмырын сарп еткен ғылым жолындағы қыруар еңбектері зерттеуді қажет етеді. Әсіресе, ғалымның «ақтандақтар» ақиқатын зерттеудегі қайраткерлігі, күрескерлік болмысы, сәкентану, сәбиттану, мағжантану мәселелеріндегі ғалымдық болмысы оның қазақ әдебиеттану ғылымындағы ірі тұлға екендігін танытты. Жұмыста аталған мәселелер бойынша ғалымның еңбектері жан-жақты зерттеліп, сараланады.

Қазақ әдебиеттану ғылымында орны ерекше зерттеуші ғалым, әдебиетші, филология ғылымдарының докторы, профессор тұлғалардың бірі – Тұрсынбек Кәкішев. Өткен әдебиетіміздің кезеңдеріне ерекше зерттеу жасап, тың ізденістерімен, деректерімен, ақпараттарымен, архив деректеріне сүйеніп, ақиқат жолын нұсқаған, әдебиетіміздің тарихын зерделеу арқылы оқырманға қауымға танылған Тұрсынбек Кәкішев мұраларын зерттеу, талдау, саралау – әдебиеттану ғылымының алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі. Ғалымның осы уақытқа дейінгі жазған зерттеу мақалалары, сыни пікірлері, баяндамалары өлшеусіз. Т.Кәкішевтің авторлығымен шығарған кітаптар саны да 50-ге жуық. Олар: «Октябрь өркені. Қазақ совет әдебиетінің қалыптасу дәуіріндегі идеялық-творчестволық мәселелері жайында» (1962), «Дәуір суреттері» (1967), «Сәкен Сейфуллин» (1967), «Қызыл сұңқар» (1968), «Сын сапары» (1971), «Сәкен Сейфуллин» (1972), «Партия және әдебиет» (1975), «Сәкен Сейфуллин» (1976), «От истоков к вершине» (1978), «Ұштасқан үш өзенмен» (1978), «Жол үстінде 80 күн» (1983), «Дәуір дидары» (1985), «Садақ» (1986), «Поступь» (1988), «Жасампаз өлке» (1989), «Сәкен Сейфуллин сенің сүйікті жазушың» (1989), «Санадағы жаралар» (1992), «Ескірмейді естелік» (1994), «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» (1999), «Сәкен және Гүлбаһрам» (1994), «Сәкеннің соты» (1994), «Жер заманның кереғар ойлары» (1995), «Тар жол тайғақ кешудің тағдыры» (1996), «Сәкен Сейфуллин» (1997), «Сәкен сүйген сұлулар» (1997), «Мағжан – Сәкен» (1999), «Сәбең әлемі» (2000), «Сайыс» (2001), «Мерей: Ғылыми библиографиялық жинақ: екі томдық» (2002), «Сандалтқан «Садақ»: роман-эссе» (2002), «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» (2003), «Сәкен аялаған арулар» (2004), «Дәуір дауылпазы» (2004), «Толғам» (2004), «Сәбит Мұқанов» (2005), «Әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелері: оқу-әдістемелік құрал» (2006), «Дала

дауылпазы» (2005), «Шығармалар. Саңлақтар» (2007), «Жанр жайлауы» (2007), «Сәбит Мұқанов» (2009), «Жаяусалдың серуендері» (2009), «Қазақ зиялылары» (2011).

Ғалымның еңбектері жөнінде Есмағамбет Ысмайылов 1966 жылы «Тұрсынбек Кәкішев қазақ әдебиеті тарихының деректері мен фактілерін, әсіресе революция дәуіріндегі әдеби қозғалыстың құпия сырларын ашуға қажетті документтерді оқып біліп, көп тексеріп келе жатқан білімді де, ойлы да әдебиетші. Бұған оның көптеген мақалалары, «Октябрь өркені» атты кітабы, «Қазақ әдебиеті тарихына» жазған жеке тарау еңбектері, әдебиет сынының тарихы туралы монографиялық зерттеуі толық дәлел» [1] деп өз бағасын берген.

Жұмыстың мақсаты мен тақырып ерекшелігіне байланысты сипаттама, талдау, саралау, жүйелеу, салыстыру әдістері қолданылды.

Әдебиеттану ғылымындағы алаштану, Сәкен, Сәбит, мәселелеріне қатысты әр қырынан зерттеген ғалымдардың еңбектері біршама қарастырылған. Т.Кәкішевтің «Өнегелі өмір» (2012), «Қазақ зиялылары» (2011), «Көптомдық шығармалар жинағы» (2010), «Мағжан мен Сәкен: ғылыми эссе» (1999) және Р.Тұрысбектің «Сәбиттанудың сырлы шежіресі» (1997), А.Жүсіпованың «Әдеби сын тарихы» (2008), Ж.Смағұловтың «Тұрсынбек Кәкішұлы: әдеби-ғылыми ғұмырнама» (2017), С.Қасқабасов, С.Негимов, М.Қойгелдиев сынды т.б. ғалымдардың ғылыми зерттеулері пайдаланылды. Ғаламтор ресурсы ретінде www.abai.kz, www.adebietportal.kz әлеуметтік желілерінде жарияланған ақпараттар қолданылды.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Профессор Т.Кәкішев еңбектерін ғалым Нұржамал Алдабек ұлттық идеямен ұштастырып қарайды. Оның ұлт қамын бәрінен биік қойып еркіндікке ұмтылуы, жазып жүрген еңбектерінен азатшыл үнінен анық сезілетінін айтады ғалым. Т.Кәкішевтің еңбектері ұлтымыздың ең өзекті деп есептелетін тіл, мәдениет, тарихымызға қатысты зерттеулерді қамтыды. Ғалым әсіресе «Санадағы жаралар» мен «Кер заманның кереғар ойлары» зерттеу еңбектерін баса айтып өтеді. Аталған еңбектердің басты ерекшелігі зерттеушілер мен қатар қарапайым оқырманды елең еткізер салмақты ой-пікірлерінде жатыр деп есептейді. Әрі даурықпа, көпірме сөздерден ада, шынайы ақиқатқа бастаушылығымен айрықша болмақ. Ғалым өз сөзінде: «Тұрсекең кешегі өткен тарих безбендері мен уақыт өткелдері жөнінде жалған сөйлеп, әрі оған күйе жағудан аулақ болды. Ол үшін шындық, ақиқат бәрінен маңызды. Ұлт жанашыры ретінде ол көзімен көріп куә болған ақиқат өмірді немесе архив қойнауларынан іздеп тапқан деректерді жасырмай, халыққа жеткізуге ұмтылды. Екі кітаптан да анық байқағанымыз сыншы, ғалым «коммунизм», «социализм» дейтін ұғым-түсініктер мен оған қатысты барлық іс-әрекеттерді мүлдем жоққа шығарып тастамайды. Тек сол тұстағы жіберілген қателіктер мен оның салдарларын баян етеді» [2, 91] деп алдыңғы ойын нақтылай кетеді. Жоғарыда аталған жинақтарда тәуелсіздікке қол жеткізген бастапқы кезеңдердегі елдегі экономикалық саяси ахуал, елдігімізге нұқсан келтіретін кейбір қоғамдық дерттер, ұлтаралық қатынас проблемалары әсіресе ұлттық тіл мәртебесінің жайы жиі сөз болады. Тәуелсіздік тұсындағы алғашқы жылдарда тіл мәселесі аса маңызды мемлекеттік деңгейдегі проблемалардың біріне айналды. Қазақ тілінің мәртебесін көтеруге байланысты көптеген іс-шаралар атқарылды. Дегенмен ұлттық тіліміз мәртебе алуы үшін Қазақстанда орыс тіліне халықаралық қатынас құралының статусы, басқа халықтардың тілдеріне аймақтық статус беру қосарлана баяндалды. Мұндай жағдайда ұлттық тіліміздің жағдайы не болмақ? дейтін сауалдар Т. Кәкішевті ұлт жанашыры ретінде қатты алаңдатқаны белгілі. Ұлттың ұлт екенін танытатын халықтың жаны – тіл екені ақиқат. Ұлттық тіл мәселесін сөз еткен уақытта баспасөз саласының мәні де, атқаратын рөлі де өте зор. Тұрсынбек Кәкішевтің келтірген дерегіне сүйенсек 50-60 жылдардағы қазақ газет-журналдарының дені орыс тілінде жарық көрген. Ал қазақ тілінде жазылған аз ғана мақалалар болатын болса оның басым бөлігі аудармалар. Мәселен «Қазақстанның ауыл шаруашылығы» журналының 1955 жылғы бір санында 132 мақала жарияланған. Оның 30-ға жуығын ғана қазақ авторлары жазған. Ал ең қызығы, осы 30-дың тең жартысы қазақшаға орысшадан аударылған екен. Кейбір

редакциялар қазақ тілінде жазылған материалдарды қабылдамайды, ал кейбіреулері қабылдаған күнде әуелі оны орысша аудартып редакциялайды, сонысын қазақ тіліне аударып тапсыратынын да ғалым деректері арқылы көз жеткіземіз.

Ғалым Нұржамал Алдабек Т.Кәкішевтің әр жылдары жазылған мақалалары, ой толғамдары тек ел басындағы қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді көтерген өзектілігімен ғана емес, берік ұлттық ұстаным, ұлттық идеяларымен де құнды деп есептейді. Қазіргі уақытта «ұлттық идея», «ұлттық идеология», «ұлттық рух» секілді ұғымдарды жиі әрі ашық айтып жүрміз, тіпті ұранға айналды. 1980 жылдардың соңына дейін қазақ халқының екінші атауына айналған «Алаш» сөзі ең бір зиянды, қорқынышты, қаралағыш ұғымға айналғандығы белгілі. Айтуға, жазуға тиым салғанына қарамастан қоғам қайраткері осы Алаш жөнінде, Алаш қозғалысына қатысты барлық іс-әрекеттерді ашық баяндап, азат рухты аңсаған тәуелсіздік идеяларын қазық еткен мақалаларын жазуды тоқтатпады. Бұл ғалымның ұлттық идея жолындағы батыл қадамдары еді. Ащы болса да, шындыққа жүгінді. Әрине «ұлттық идея», «азаттық идея» секілді ұғым-атауларды кеңестік баспасөзде жариялау оңай болған жоқ. Мұндайда автор қатаң цензорлық тосқауылды айналып өтіп «елшіл» немесе «халықшыл» деген сөздермен алмастырады. Ғалым пайымдауынша, Т.Кәкішев елінің мүддесін қорғау мақсатындағы қаламгерлік күресі үшін қаншама теперіш көрсе де өз ұстанымынан айныған емес. Оған күні бүгінге дейін жазылған мақалалары, ғылыми зерттеу еңбектері дәлел. Бір сөзбен айтқанда, Т. Кәкішев өмірінің мәні де, тынысы да ұлттық, азаттық идея десек артық айтқанымыз емес.

Т.Кәкішев еңбектерін ұлтшылдық қырынан қарастырғандар аз емес. Және оны сәкентану мәселесімен біте қайнасқан деп есептеу де толық негізге ие. Ғалымның шығармашылығының көптеген жылдары Сәкенді зерттеуге арналған. Кеңес кезеңінде «ұлтшылдық» деген ұғымға саяси астар беріп, ұлттық сананы сан тарапқа бөлшектеп, ұрымтал тұсты пайдаланып, қазақтың бағына туған оғландарға ат қойып, айдар тақты. Негізінде ұлтшыл деп – ұлтын ұлықтай білу, тамырлы тарихын, туған халқының төл болмысын, құндылықтарын әспеттей білу деп ұғынғанымыз жөн болар. Ал біз қазақ ғалымдарының төл этностық құндылықтары мен мақсат-мұраттарын құрметтеуімен сипатталатын адам санасындағы әлеуметтік саяси-этникалық құбылыс деген анықтамасын қуаттаймыз. Сондықтан туған халқының нағыз жанашырлары, нағыз ұлтшылдар елі үшін туып, елі үшін қызмет еткен ардақтыларымыздың алдында тар жол, тайғақ жол жатса да беті қайтып беделі түскен жоқ. Әр ұлт қайраткерінің сыналар тұсы сын сағатта екені беснеден белгілі. Солақай саясат тұсында аузы ашылмаған біте жарадай жанымызды сыздатқан шер шенемізді сыртқа шығара алмай ішқұса болып, іштей тынған уақытта Сәкендей тұғырлы тұлғаларымыз, мұнардай ойларын мұқалтпайтын жол тауып ел мәселесін, ұлт тағдырын талқыға салғандарына қайран қалмасқа шара бар ма?! Әйтсе де, осы игі істерін қаралап, даттаушылар да жақтаушылар да молынан табылды. С.Сейфуллиннің шығармашылығын, қоғамдық-саяси болмысын зерттеушілер Сәкен өз дәуірі қойған биік міндеттерді таза азаматтық қажырлықпен орындады деген тұжырым жасады. Сәкентанушы Т.Кәкішев С.Сейфуллиннің әдеби-ғылыми жұртшылыққа өмірі мен өнегесін, революция дауылпазы ретіндегі қайраткерлік қырларын, қазақ совет әдебиетіндегі орын-үлесін, қоғамдық-шығармашылық қызметі күрделі кезең, әлеуметтік тартыс, қат-қабат оқиғалар желісімен байланыстырылып дерек пен дәйекке сүйенген еңбектерімен қоса, «Сәкеннің ұлтшылдығы», «Сәкен тіл майданында» «Сәкеннің түрікшілдігі» «Сәкен Сейфуллин. Қазақтың мәдениетті, өркениетті елдер қатарына қосуды армандаған тұлға» екендігін жазудан еш танған жоқ. Ғалым, зерттеуші 1960 жылғы «С.Сейфуллиннің өмірі мен өнеріне қатысты деректерді жинау» экспедициясына қатысып, Қарағанды, Ақмола, Көкшетау, Солтүстік Қазақстан облыстары мен Омбы қаласынан бастау алған ғылыми ізденісінің мақсатын «Сәкен сынды алыптар өмірі – мәңгілік өмір, оның тындырған ісі, артында қалдырған мұрасы – бүгінгі және келер ұрпаққа өшпес өнеге.

Сәкеннің ұлтшылдығы тоталитарлық кезеңде қазақ тілін мемлекеттік дәрежеге көтеруі, Ахмет Байтұрсыновтың 50 жылдық салтанатты жиынын ұйымдастыруы, «Азия»

(Еврпопаға), «Қара бүркіт» өлеңдерінің, осыған қатысты тағылған айыптаулар, Түркия жайында жазылған публицистикасынан көрінетіні даусыз. Осылар төңірегінде қылышынан қан тамған совет дәуірінде де, азаттық таңы атқанда да қаламынан қалт жібермей жіпке тізгендей ұлықтап өткен Сәкентанушы Т.Кәкішев екендігінде ешкім де дау айта алмас. Ғалымның әдебиетіміздің іргелі саласына айналып келе жатқан Сәкентануға байланысты жазған еңбектерінің ішінде әсіресе социалистік кезеңде бәрі бірден жарыққа шығып, жарияланбай көп қыспақтан өткенін де жасырмайды. Сондықтан да болар, профессор Т.Кәкішев кеңес кезінде жазғандарында Сәкенді қай қырынан болса да танытуға талаптанған. «Сол кезде Сәкенмен бірге кеңестік әдебиеттің туын көтеріскендермен қатар жетіліп, әдеби сынға келген Мұхаметжан Қаратаев, Есмағанбет Ысмайлов, Қажым Жұмалиев, Темірғалы Нұртазин, Мәлік Ғабдуллиндердің өкшесін басып келе жатқан інілері Серік Қирабаев, Рахманқұл Бердібаев, Мырзабек Дүйсенов, Мүсілім Базарбаев, Тұрсынбек Кәкішев, Сәл кейінірек Рымғали Нұрғалиев сынды ғалымдар Сәкеннің өз қызылы аздай-ақ, үкімет пен партияға барынша жағымды етіп көрсетуге мейлінше күш салғаны өтірік емес. Сөйтіп, Сәкенді жеке-дара қазақ кеңес әдебиетінің негізін қалаушы деген пікірді ғылымда орнықтырды деп өзі турасында ащы шындықты айтуынан әдебиет пен ар алдындағы адалдығын көреміз. Ал еңселі егемендік тұсында Т.Кәкішев С.Сейфуллиннің қайраткерлігін, елінің көркейуіне қосқан үлесімен қатар ұлтын сүйген арда азамат екенін айшықтай түсіп, социалистік реализм тұрғысынан С.Сейфуллин үнемі партия мен үкіметтің сара жолынан ауытқымаған, коммунистік идеяға жан-тәнімен берілген тұлға ретінде біржақты суреттеулерге, енді тәуелсіздік алған кезеңде қайта саралап, объективті бағасын берді.

Зерттеуші Ж.Төлеуқоңыр Т.Кәкішевтің шығармашылығындағы сәкентану мәселесіне тоқтала келіп, өз ойын профессор, ғалым Т.Кәкішевтің өз ойына сүйене отырып қорытады: «Қазақ тілін қазақтың арғы-бергі тарихында Сәкендей мемлекеттік деңгейде қойған қазақ қайраткері болған емес» деген тезисін қуаттап, С.Сейфуллинді елі сүйген, елін сүйген, халқына қалтқысыз қызмет атқарған қоғам қайраткері, ұлтының ұлы перзенті деп білеміз» [3, 26].

Т.Кәкішевті сәкентану қырынан зерттеген тағы бір ғалым – А. Жүсіпова. Ол «Сәкеннің қайраткерлік және өнерпаздық ғұмырнамасын нақты тарихи деректерге сүйеніп жасауы, материалдар мен құжаттарды мол қолдануы – Т.Кәкішұлы еңбектеріне шыншылдық дарытып, ғылыми салмақ бітірді. Өмірдегі көптеген көріністердің мағынасын дұрыс аша алды. Ғалымның көп жылдар бойы С.Сейфуллин жайлы ізденуі өз жемісін беріп келеді» [4, 97] деп есептейді.

Ғалым С.Сейфуллин туралы жазған кітаптары өз алдына бір төбе болуымен қатар көптеген әдеби-саяси мәселелердің мәнін ашады. Әсіресе, Қазақ кеңес әдебиетінің негізін қалаушы С.Сейфуллиннің мемлекеттік және қоғамдық қайраткерлігімен қоса ақындығын, табанды азаматтығын танытуға келгенде көп іс тындырғанын айтуымыз керек. Ең алдымен Тұрсынбек Кәкішев – ғалым. Қазақтың ұлы азаматы, ардагер ақыны С.Сейфуллинге сіңірген еңбегі ерекше. Сонау елуінші жылдардан бастап бүгінге дейін Сәкен өмірі мен шығармашылығын тынбастан зерттеумен, оның өлмес еңбектерін насихаттаумен келетіні баршаға аян.

Сәкен мұрасын ә дегеннен жинауға ат салысып, зерттеп, насихаттап жүрген алғашқы қазақ зиялылары ізбасарларының бірі – Тұрсынбек Кәкішев «Ескірмейді естелік» атты кітабында былайша еске алады. «1957 жылдың 23 қазанында Қазақстан Жазушылар одағының шағын клубында Сәкенді еске түсіру кеші өтіп, сегіз қырлы, бір сырлы азамат жайында айтылар халықтық дастанның алғашқы құлақ күйі бұралып, енді ғасырларға созылар аңыз бен ақиқаттың шын сазын естіп едік. Содан бастап Сәкен жайында талай еңбектер жазылып, әңгімелер айтылып келе жатыр. Оның тынар түрі жоқ...».

Алғаш 1957 жылы Есмағамбет Ысмайыловтың Сәкеннің таңдамалы жинағына жазған алғы сөзі, газет-журналдардағы мақалалары, «Революционер – ақын» кітапшасы, мектептің 10 сыныбына арналған «Сәкен Сейфуллин» есімді қосымша оқулығы жарық көрді. Е.Ысмайыловтың құрастыруымен және алғы сөзімен Сәкеннің таңдамалы өлеңдері мен

поэмалары Мәскеуге өтетін он күндікке базарлық ретінде басылып шықты. С.Қирабаевтың «Сәкен Сейфуллин» атты монографиясында Сәкеннің шығармашылығы талданып, докторлық диссертацияға айналды. Ә.Тәжібаев «Өмір және поэзия» эссесінде, Т.Жангелдин «Сәкен Сейфуллин» очеркінде, С.Талжановтың «Сейфолланың Сәкені», Ә.Көшімовтің «Лашын хикаясы» деген шығармаларында ақын өмірі мен қызметін сипаттап қана берсе, Т.Кәкішұлы жинақтау әдісімен солардың бәрін жан-жақты зерттеуден өткізіп, қомақты еңбек жазып келе жатқан кемел ғалым. Осы жолда біртіндеп, ілгерілеп, тереңдей түсіп бірін-бірі қайталамайтын, қайта толықтыра, ажарландыра түсетін Сәкенді қате бағалаудан арашалайтын, дәйекті зерттеу еңбектер жазу үстінде деген пікірін баса айтады Алтынай Жүсіпова.

Т.Кәкішев 1957-60 жылдардағы Сәкен Сейфуллинге қатысты деректер жинайтын экспедицияларға қосылып ақынның туып өскен Жаңа Арқа ауданын аралауы, Қарағанды, Павлодар, Петропавл, Омбы, Көкшетау және Москва архивтерінде сақталған деректерді тірнектеп жинауы, оқырман көзіне әлі іліге қоймаған жаңа да тың тарихи архивтік деректердің оқушыларға жетуіне негіз болды. Сол ізденудің арқасында ақынның бала күнінен бастап соңғы күндеріне дейінгі ғажайып өмірін, қоғамдық жұмыстағы рөлін, ақындық шеберлігімен қатар мемлекеттік қайраткерлігін көкейге қонарлықтай баяндап берді. Шығармашылық ғұмыры Сәкен есімімен тығыз байланыста өріліп жатқан Т.Кәкішевтің қазақ әдебиеті классигінің жоқшысы болу тарихы өзінше бір әңгіме.

Ғалым Тұрсынбек Кәкішевтің «Сәкеннің прозасы» атты мақаласында Сәкеннің тек поэзия саласындағы жаңашылдығына ғана назар аударылып келе жатқанына тоқталып, оның проза, драматургия саласында да елеулі еңбек еткенін дәлелдеуге тырысады. «Жұбату» әңгімесі, «Жер қазғандар» мен «Жемістер» повестеріне және «Тар жол, тайғақ кешу» роман-эссесін талдау барысында, бұл еңбектерден проза саласында да зор қадам жасағандығын айқын көрсеткен. Әсіресе «Тар жол, тайғақ кешу» романы қазақ прозасының даму жолында өрелі белес жасағандығын ашық айтып, Сәкеннің әр жанрдағы еңбегінің дұрыс, әділ бағалануы керек деген тұжырым жасайды. Т.Кәкішев Сәкеннің проза жанрымен айналысуына, оны жазу тәсілдеріне, шеберліктің көтеріңкі деңгейіне апарған көркемдік сүрлеуіне баса назар аударғанын айтады.

Т.Кәкішевтің газет-журналдарда жарияланған: «Сәкеннің замана образын жасаудағы жаңалығы», «Сәкеннің ағартушылық ойлары», «Сәкеннің серігі», «Абай және Сәкен», «Сәкеннің прозасы», «Тар жол, тайғақ кешу туралы», «Сәкен жаңашылдығының үлгілері», «Сәкеннің жаңашылдығы жайында», «Революционер жазушы», «С.Сейфуллин – Керекуде», «Дәуір жыршысы», «С.Сейфуллиннің Қызылжарда болуы жайында», «Сәкен Батыс Қазақстанда», «Дала дауылпазы», «Сәкен салтанаты», «Сәкеннің орыс достары», «Сәкен – публицист», «Шәкірт Сәкен», «Сәкеннің ізімен», «Сәкен өлкесіне саяхат», «Сәкен және баспасөз», «Сәкен Орал өңірінде» т.т. мақалалары ғалымның Сәкен қызметін жан-жақты қарастырып жүргенінен хабар береді.

Бұл жөнінде ғалым А.Жүнісова «Т.Кәкішұлы өз мақалалары мен бізге бірқыдыру мол дүниелерден хабар берсе, Сәкеннің бай өмірін кеңінен толғап, жан-жақты сипаттаған құнды көлемді еңбектері бір төбе. Т.Кәкішұлының бұл еңбектері жайлы С.Мұқановтың пікірін еске алғанның артықтығы жоқ. «Сәкеннің өмірін және қызметін көптен бері шұқшия зерттеп жүрген адамның бірі – филология ғылымының кандидаты Тұрсынбек Кәкішұлы. Оның «Октябрь өркені» [4, 103] деген атпен жазылған көлемді еңбегі оқырман көпшілікке мәлім деген көзқарасын танытады. Әрі Тұрсынбек Кәкішев онымен тоқырамай, Сәкеннің өміріне және ісіне байланысты материалдарды тінте іздеп, талмай тауып, тоқтаусыз зерттеп келе жатқан адам, сол істерінің нәтижесінде көпшілік оқуына ұсынған “Қызыл сұңқар” атты көлемді кітап жазғанын алға тартады.

1994 жылы жазылған «Ескірмейді естелік» шығармасы ғалымның игі ісінің жемісі. Осы шығарманың соншалықты құндылығы автордың көз көрген сәттерді әңгімелегенінде, сыр-сұхбат оқиғаларын оқығанда бірге отырып, бірге тыңдап отырғандай күй кешесің. Сәкеннің өмірін жары Гүлбаһрам Батырбекқызы Сейфуллинадан алған хаттарына, естеліктеріне, досы

Қаскей айтқан деректерге сүйене отырып жазған. Сондай-ақ бұл еңбекке орыстың атақты жазушысы Галина Серебряковамен әңгіме, сыр-сұхбаттары енген. Бұл еңбек «Сәкеннің сәулесі» және «Өмір мен өнер өзегінде» деп аталатын екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім Сәкеннің өмірлік жары мен достарына арналып, төрт тарауға негізделді. «Сәкен һәм Гүлбаһрам», «Сәкеннің серігі», «Сәкен және Серебрякова» және «Сәкен тойы». Т.Кәкішевтің бұл естеліктерді сол естіген күйінде жеткізіп қана қоймай, сол сәттегі іс-әрекеттермен қосып жандандырып айтуында және мұнда әңгіме айтушының бейнесі де бірге ашылып отырады.

«Сәкен сүйген сұлулар» деген еңбегінде ақынмен қарым-қатынаста болған Гүлшаһра, Қабиба, Рахима, Көкеш, Гүлбаһрам арулармен жүздесеміз. Кездеспегендердің туыстарымен жолығып Т.Кәкішев арқылы ақын жайлы біраз материалдар аламыз, олардың қандай қарым-қатынаста болғандығын білеміз. Бірақ осылардың ішінде Сәкенді жан жүрегімен ұнатып түсінген, жүрегіне мәңгілік қалдырған жары да, досы да, көмекшісі де бола білген адам, Сәкеннің есіміне кір жұқтырмай, өмірінің ақырғы күніне дейін нағыз азаматтық көрсете білген, ардагері ақталған кезде қолына шырақ алып, қайратқа мінген қазақтың аяулы қыздарының бірі – Гүлбаһрам Батырбекқызы. Ол Т.Кәкішевтің ақын өмірі, ғұмырнамасы туралы еңбектер жазуына үлкен көмек көрсеткен. Осындай жанның адамгершілік қасиеттерін ғалым әдемі көрсете білген.

Тұрсынбек Кәкішевтің Сәкен жайлы жазған әрбір кітабы ұлы ақынды үнемі жаңа қырынан ашады. Әр кітабында Сәкен өмірінің бұрын айтылмаған, көпшілікке беймәлім жайларын шындықпен шырайландыра жеткізеді. Ғылыми ізденіс әрқашан шынайы көңілді тілейді. Ғалымның жаны сүйген ақын сырын ақтарып, халқына сіңірген еңбегін айтып қана қоймай, қазақ әдебиеттану ғылымында Сәкентану ғылымының негізіне мықтап қадаған тұғырлы тұлға екені айдан анық.

Т.Кәкішев еңбектерін зерттеуші Жандос Смағұлов та ғалымның С.Сейфуллинді зерттеушілік қырына ереше тоқталады. Ж.Смағұлов «Сәкенді жаңаша таныту мен зерттеу барысында бұрын айтылған, зерттелген жайларды қайталаудың еш қажеттігі жоқ екенін түсінген Т.Кәкішев бұл тығырықтан шығуды көп ойлады. Мұрағаттық құжаттар, ғылыми деректер, ғұмырнамалық естеліктер мен эсселер арқылы өз көкірегіне біліп-түйгенінің барлығы – әдеби-ғылыми ғұмырнама сипатындағы бір көркем шығарма секілді түрлі жанрға жетеледі де, оған ортақ бір жүйе таба алмай жаны қиналды. Орыс ақын-жазушыларының өмірінен деректер келтіретін «Тамаша адамдар өмірі» сериясынан шыққан кітаптар ерекше қызықтыратын еді, енді қайталап оқып танысты да, «Бұл жанр бізде жоқ, осыған кірісетін уақыт келді, оған Сәкен айрықша қолайлы» деген қорытындыға келді. Қазақ совет әдебиетіне бұл жанрға Сәкен жөніндегі шындықтар, тарихи деректер жазылуға әбден лайық па деп жинақтаған бүкіл материалдарды қайта ақтарып шығып, жасалған жоба-жоспарына сай топтастырып көрді, ойланды, толғанды. Әр нәрсенің, әсіресе шығарма жазуда өзі бір сәті келетін мезгіл болады. Сол мезеттің нақ келгенін ұғынды да, бәрін жиып тастап, қолға қалам алып, төрт-бес айдың ішінде машинкаға басылғанда 475 бет болатын қолжазбаны жазып шықты» [5, 312] деп «Ескірмейді естелік» еңбегінің жазылып шығу процесін баяндайды.

Қазақтың біртуар азаматы С.Сейфуллин үшін айтылар ой, жазылар зерттеулердің таусылмайтынына дәлел ретінде Т. Кәкішев сан жылдар бойы Сәкен ғұмырнамасына тереңірек бойлай түсуді алдына мақсат етіп қойды. Сол ізденудің нәтижесінде туған ғылыми-зерттеу еңбектері, ғұмырнамалық тың деректер негізіндегі эссе, естеліктері ақын тұлғасын танытудағы зор үлес, соны жаңалық болды. Дәуір алға тартқан өзекті тақырып болған соң және Сәкен тағдырына байланысты құрылған ғылыми экспедицияларға тікелей араласып жүргендіктен де алғашқы танымдық сипаты басым мақалалары ғылыми қызығушылықтан туған қадамдар болатын. Содан кейін-ақ ақынның қоғам қайраткері ретіндегі тұлғасына, ғұмырнамасына, шығармашылық бел-белестеріне, тіпті күнделікті тіршілік ағымынан туындаған пендешілік көзқарасына, махаббат жолындағы күрес-тартыстарына дейін терең мән бере қарап, Сәкеннің азаматтық өр тұлғасын аша түсу үшін тағы да мұрағат сөрелерін ақтарды. Кейінгі ұрпаққа ақиқатын айта паш ету үшін де ақынның көзін көрген адамдармен, таныс-білістермен бетпе-бет жолығып, ақынның өмірінің «Тар

жол, тайғақ кешудегі» әрбір қадамына терең мән берді. С.Сейфуллин өміріне қатысты деректер жинайтын экспедициялардағы қолға түскен деректерді нақтылау үшін Қарағанды, Жаңаарқа, Ақмола, Петропавл, Алматы, Омбы, Орал, Ташкент, Москва қалаларындағы архив қазынасын жоспарлы түрде қарады. Сәкен жөнінде көп мағлұмат беретін әр кезде жазылған мақалалармен таныса отыра, ақынмен дәмдес, қызметтес болған орыс, өзбек, башқұрт, беларусь жазушыларының естелік еңбектерін оқып, тірілерімен жүздесіп, әңгімелесті. Өмірдің сан қилы талқысында сынға түсіп жүрсе де, сәкентану мен ғылымға керек-ау деген бірде-бір мұрағаттық деректі елеусіз қалдырмады. Қашан да таза, қашан да қарапайым, қашан да зиялы қалыппен Сәкенге деген риясыз көңілмен зерттеуге ден қойды.

Ж.Смағұлов өз еңбектерінде сәбиттану мәселесін де сөз етеді. Ол «Тағдыр Т.Кәкішұлын тап бір шығар жол таппай қысылған шақтарында С.Мұқановтың шапағаты мол жәрдеміне әкеліп тірей беруі де мүлде кездейсоқтық емес- ау осы. Ендеше тым Сәбеңшіл болуы қалай десек те заңды, оған ұлы жазушының мол жақсылығын көрсе де «өз қолы өз аузына жеткен соң» пендешілікпен теріс айналатындардың тұрпатынан емесін қосыңыз. «Қызыл сұңқардың» жарық көруіне ең шешуші көмекті Сәбең бергені, авторға ғана емес, Сәкенге, ел-жұртқа пайдалы істе қамқоршы болғанын қалай жазса да заңды. Иә, Сәкен тағдырына байланысты ғылыми және шығармашылық ізденістерде классик жазушының атақ-даңқы ерекше сақтық ойлағандарға мықты қалқан болғаны да рас» [5, 321] деген қорытынды жасайды.

Ал зерттеуші, ғалым С. Жәмбек «Ақиқаттан айнымаған» мақаласында Тұрсынбек Кәкішев еңбектерінің сәбиттану мәселесін ерекше атап өтеді. Ғалым өз сөзінде «Тұрсынбек Кәкішев ғалым ретінде соңғы жылдары сәбиттану мәселелерімен көп айналысып жүр. Сөз бостандығын, тіл, ой еркіндігін пайдаланып, өткенді бірыңғай қаралауға, қоғам дамуының шынайы, диалектикалық заңдылықтарын ескермей, біржақты ой-пікірлер түйіндеп, осыдан ұпай жинап, ұтысты көздеушілер де баршылық. Солардың бір парасы кезінде қазақ әдебиетінің аса көрнекті тұлғалары болған классик жазушылар Сәкен Сейфуллин мен Сәбит Мұқановтың шығармашылық сипаты мен көркем мұраларына қатысты оңды-солды, артық-кем айтылып жүрген қаралау, жазғыру, біржақты күйе жағу тенденциясының қылаң беріп, орныға бастауы. Сәкентанудың негізін қалаған, Мәскеуден «Тамаша адамдар» айдарымен «Сәкен Сейфуллин» деген ғұмырнамалық кітап шығарған Тұрсынбек Кәкішев мұндай артық айтылған негізсіз байламдарға құрылған желбуаз пікірлерге батып тойтарыс беріп келеді. Ғалым өзінің дәлел-дәйектерін құрғақ эмоцияға құрмай, Сәкен мен Сәбит тұлғаларын олардың өмір сүрген кезеңімен тұтастықта қарастырып, қоғамның жалпы болмысын, өзіндік сипатын, трагедиясын жасырмай, заман қайшылығын, оның жеке ықпалын байыпты саралайды» [6, 4] деп пікір білдіреді.

Тұрсынбек Кәкішев еңбектеріне терең ізденіс жасаған А.Зекенова да ғалым зерттеулерінің біршамасы Сәкен мен Сәбитке арналғанын айтады. Ол қазақ әдебиеті тарихындағы әдеби байланыстарды зерттеп жүргенімізбен, ақын-жазушылардың ішкі жан-дүниелері мен өзге қаламгерлермен болған қарым-қатынастары, олардың бір-біріне тигізген әсері, психологиялық арақатынасы деген сияқты мәселелердің ашылмай жатқан тұстары бар екенін атап өтеді. Осындай мәселелерді анықтап қарастыру арқылы біраз дүниенің кілтін табуға болатыны, сондықтан, Сәкен - Сәбит - Тұрсынбек деген мәселеге, ең алдымен, рухани, әдеби, мәдени дәстүр жалғастығы және жан-дүние арналастығы мен тұтастығы тұрғысынан келген абзал деп түйіндейді. Ғалым күрделі дәуір әдебиеті санатындағы XX ғасырдың алғашқы ширегінің жалынды ақыны Сәкен Сейфуллинмен көзі тірісінде аралас-құралас болған, әдебиетте ұстаздығын көріп, қаламгерлік ақыл-кеңесін тыңдаған жанның бірі – Сәбит Мұқанов екендігін, оны 1936 жылы әдеби еңбегінің жиырма жылдығында да, 1957 жылғы жиналыста да Сәкен еңбегі ауқымының зор екенін өзгелерге ұғындырып, қазақ кеңес әдебиетінің негізін салған қаламгер екендігін, кеңес әдебиетін дамытушы қаламгерлердің көшбасшысы екендігін айтқан да – Сәбит деген пікірі баршамызға белгілі. 1968 жылы жарық көрген Т.Кәкішевтің «Қызыл сұңқар» атты тарихи-әдеби очеркіне өзінің жазған алғы сөзімен-ақ бағасын берген де – Сәбит Мұқанов болатын. Осындай әрекеттері

арқылы Сәкеннің тарихтағы орнын айқындауда атқарған қызметтерінің маңыздылығын көріп, оның адамгершілік келбеті арқылы шәкірттік сезімі мен Сәкен мен Сәбиттей екі қаламгердің шығармашылығын зерттеп, тануда еңбек етіп келе жатқан Тұрсынбек Кәкішев те өзінің өмірлік жолында моральдық тазалықтан алшақтамауға ұмтылғанын баса айтады.

Тұрсынбек Кәкішев еңбектерін зерттеуде ғалым үш тұлғаға баса назар аударып, олардың байланысын зерттеуінде ерекше атап өткен. Бұл мәселе жөнінде Ғалым Т.Кәкішев «Бір дәуірде өмір сүрген дарындар да бір-біріне ықпал жасап, творчестволық бәсекеге түседі. Жалғыз озу ниеті мақсатқа айналса, онда талас-тартыстан, дау-дамайдан аяқ алып жүре алмаймыз, ал озу, өсу ниетінің негізіне айналса, құдайдың бергені, әдебиет гүлдеп сала береді. Бәйге күшейіп, соны шығармалар дүниеге келеді, халықтың мерейі өседі. Осы соңғы тенденция Октябрьден кейін айрықша қуатпен көрінгенін дәлелдейтін көркемдік көрсеткіштер өте көп» [7, 35] деп біледі. Сондай көрсеткіштердің ішінде Сәкен Сейфуллин мен Сәбит Мұқановқа деген ғалымның ілтипаты ерекше. Қазақ әдебиеттану ғылымында өзінің ізденіске толы күрделі жолын бастаған шақта, 1957 жылғы Сәкен Сейфуллинге арналған кештен алынған әсер ғалым Т.Кәкішев өмірінің бірнеше ондаған жылдардағы ізденістерінің негізгі тақырыбын белгілеп бергендей. Ол тақырыбы – Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығы.

Ғалым Тұрсынбек Кәкішев Сәкеннің шығармашылығымен рухани тұтастықта өрбіген Сәбит Мұқановтай қаламгер мен күрескер ақынның арасындағы бірнеше мәселеге тоқталып, талай жай-жапсардың бетін ашқан. Мұндағы мақсаты бүгінгі пікір кешегі қандай ойдан бастау алатынын аңдату болатын. Сәбит Мұқановтың өмірі мен шығармашылығы жөнінде жазылған ғалымның әр жылдардағы мақалалары мен естеліктері топтастырылған. Осындағы мақалалардың кейбіреуінде Сәбит Мұқановтың Сәкен Сейфуллинмен адами, қоғамдық, жалпы, ағалық-інілік қарым-қатынасы жайлы пікір айтып, Т.Кәкішев екі қаламгер арасындағы шындыққа көз жеткізеді. Олардың жақындастығы, рухани арналастығы өзге қаламгерлермен болған қарым-қатынастарға қарағанда әлдеқайда жақын. Сол себептен Сәбит туралы әңгіме болғанда Т.Кәкішев Сәкеннің де шығармашылығына тоқталып отыруды жөн көреді. Сәбиттің Сәкенді қазақ кеңес әдебиетінің негізін қалағанын айтқандығын Т.Кәкішев үлкен адамгершілікке жатқызады.

Қазақ әдебиеті тарихында «Дала сұңқары» деген атпен белгілі Сәкен өз тұсындағы, тіпті оған дейінгі де, кейінгі де ешбір қаламгер қалам сілтемеген тың бастамаларын салып кеткені шындық. Ол бастама – қоғамдағы өзгерістермен сабақтастыра отырып, өзінің әдеби, мәдени қызметі мен өмірінің тарихын жазып кетуі. 1936 жылғы баяндамасында Сәбит Мұқанов Сәкеннің бұл шығармасын бір жағынан тарихи, екіншіден, саяси оқулық, үшіншіден, оқушының қызыға оқитын өте көркем шығармасы, деп таныған. Өз кінәсін өзі білген адам өмірде кемде-кем. Мойындай алудың өзі – ерліктің белгісі деп есептейді ғалым. Уақыт өте, заман да, адам да өзгереді. Ізгі ой алға жылжиды, кемеліне жетпеген, яки шикі ой орта жолда қалады. Тәуелсіздік алғаннан кейін тарихымыз бен әдебиетімізге, мәдениетіміз бен құнды мұраларымызға деген көзқарас өзгергені белгілі. Сондықтан, бұрынғы жазылған мен айтылғандарды өңдеу мен толықтыру жұмыстары қарқынды күш алған шақта ғалымның Сәкен өмірі мен шығармашылығын жаңа қырынан қарастыруы заңды құбылыс. Ғалым А.Закенова «Тұрсынбек Кәкішұлы 1938 жылдары жаламенен Сәкенді айыптаған тіркеудегі «қылмыскер» ісін қарап, анық-қанығына көз жеткізуге ұмтылып, 1993 жылы Ұлттық Қауіпсіздік Комитетіне өтініш жазуы – сол талпыныстардың бірі болса, 1990 жылдан бері қарайғы кездегі баспасөз бетінде жарық көрген «Коммунист Сәкеннің ұлтжандылығы», «Сәкеннің соты», «Сәкен Сейфуллин қалай шықты?», «Сәкеннің тарихтағы орны хақында» т.б. сол сияқты мақалалары Сәкенді танудың дамуына қосқан қомақты үлесі деп білген абзал» [7, 37] деп қорытады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Т.Кәкішев ғылым алдындағы парызына адал болды. Ол архивті ақтарып жүріп, өз еңбектерімен қатар өзгелердің де шығармаларын тауып алып, жинастырып, жариялап басып шығаруы ел қажеттілігін өтеп отырды. Ғалым қазақ әдебиетінің тарихын жасау жолындағы ғылыми әлеуметтік маңызы жоғары іске бел шешіп кіріскені мәлім. Ғалым Тұрсынбек Кәкішевтің шығармашылық ғұмырнамасы күреске толы, ізденімпаздық пен қажырлықтан тұратын сан жылды құрады десек қателеспейміз. Оны бүгінгі күнгі шәкірттері мен Т.Кәкішевті зерттеуші ғалымдар да жарыса айтып келеді. Әсіресе, оның ғалымдық болмысы, талғампаздығы, әдебиеттану ғылымына, ұлтқа жанашырлығы көпке үлгі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Кәкішев Т: Өнегелі өмір. – Алматы: «Қазақ университеті», 2012. – 369 б.
- 2 Алдабек Н.Ә. Профессор Т.Кәкішұлының еңбектеріндегі ұлттық идея. ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы = Вестн. КазНУ. Сер. филологическая. – 2008. - № 5.- 90-93 б.
- 3 Төлеуқоңыр Ж.Қ. Т.Кәкішев еңбектеріндегі С.Сейфуллиннің «ұлтшылдығы». Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің хабаршысы = Вестн. Семипалатин. гос. ун-та им. Шакарима. – 2014.- № 2.- 23-26 б.
- 4 Жүсіпова А. Т.Кәкішұлы – сәкентанушы. Әдеби сын тарихы : Оқу құралы. – Алматы, 2008, - 97-108 б.
- 5 Смағұлов Ж. Тұрсынбек Кәкішұлы: әдеби-ғылыми ғұмырнама – Астана: «Фолиант» баспасы, – 2017. – 488 б.
- 6 Нұрмұхамбетұлы С. Ақиқаттан айнымаған. Солтүстік Қазақстан. – 2015.- 21 сәуір (№ 52).- 4,5 б.
- 7 Зекенова А. Сәкен-Сәбит-Тұрсынбек: С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Т.Кәкішев туралы. Ақиқат. – 2004.- N 10.- 34-37 б.

Материал 17.06.2022 баспаға түсті

REFERENCES

- 1 Kakishev, T. (2012) *Onegeli omir* [Moral life]. Almaty: Kazakh University. (In Kazakh)..
- 2 Aldabek, N.A. (2008) *Professor T.Kakishulynyn enbekterindegi ul'ttyk ideya* [The national idea in the works of Professor T. Kakishev. *Bulletin of KazNU. Philology Series*, 5, pp. 90–93] (In Kazakh).
- 3 Toleukonyr, Zh.K. (2014) *T.Kakishev enbekterindegi S.Sejfullinnyn «ultshyldygy»* [“Nationalism” of S. Seifullin in the works of T. Kakishev. *Bulletin of Shakarim Semipalatinsk State University*, 2, pp. 23–26] (In Kazakh).
- 4 Zhusupova, A. (2008) *T.Kakishuly – sakenanushy* [T. Kakishuly as a Sakenologist. History of Literary Criticism: Textbook]. Almaty: [s.n.]. pp. 97–108. (In Kazakh).
- 5 Smagulov, Zh. (2017) *Tursynbek Kakishuly: adebi-gylymi gumyrnama* [Tursynbek Kakishev: literary and scientific biography]. Astana: Foliant. (In Kazakh).
- 6 Nurmukhambetovich, S. (2015) *Akikattan ajnymagan. Soltystyk Kazakstan* [The truth has not changed]. North Kazakhstan, 52 (April 21), pp. 4–5. (In Kazakh).
- 7 Zekenova, A. (2004) *Saken-Sabit-Tursynbek: S.Sejfullin, S.Mukanov, T.Kakishev turaly* [Saken-Sabit-Tursynbek: About S. Seifullin, S. Mukanov, T. Kakishev. The Truth]. 10, pp. 34–37. (In Kazakh).

Исследование творчества Турсынбека Какишева

Г.К. Кажыбаева¹, Б.К. Хумар¹

¹Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова, г.Кокшетау, 020000, Республика Казахстан

В статье проводится поиск работ ученого, критика, литературоведа Турсынбека Какешева. Поиски ученого в науке, на которые он потратил свою сознательную жизнь, глубоки и обширны. Он внес неоценимый вклад в изучение литературы, опираясь на архивные исторические данные, и основывая свои исследования на истине. В этом особенность его научной натуры. Исследователи рассматривают творчество Турсынбека Какешева в связи с вопросами национализма, Сакена, Сабита, Магжана. В статье анализируется работа ученого, отражены взгляды исследователей. Анализируются мнения, статьи и научные работы исследователей.

Ключевые слова: национальная идея, языковой статус, национализм, сакеноведение, сабитоведение.

Материал поступил в редакцию журнала 17.06.2022

Research of Tursynbek Kakishev's oeuvre

G.K. Kazhibaeva¹, B.K. Khumar¹

¹Sh. Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan

The article searches for the works of the scientist, critic, literary critic Tursynbek Kakishev. Kakishev's search in science, on which he spent his conscious life, is deep and extensive. He made an invaluable contribution to the study of literature, relying on archival historical data, and basing his research on truth. This is the peculiarity of his scientific nature. Researchers consider Kakishev's works in connection with issues of nationalism, Saken, Sabit, Magzhan. The article analyzes the scientist's works, reflects the researchers' views. Opinions, articles and scientific works of researchers are analyzed.

Key words: national idea, language status, nationalism, Saken studies, Sabit studies.

Received: 17.06.2022

MFTAP 82-2

Ж.С.Сұлтанғалиева

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университеті, Ақтөбе қ., 030000, Қазақстан Республикасы

Т.АХТАНОВ ДРАМАЛАРЫНДАҒЫ АДАМ КОНЦЕПЦИЯСЫ

Мақалада Т.Ахтановтың «Сәуле» пьесасындағы түпқазық кейіпкер Сәуле бойынан бүгінгі замандас сипаттарымен қоса, иісі қазақ әйеліне тән бірталай қырларды көрсеткені талданады. Пьесаның етек-жеңі жинақы, композициясы ширақ, тартысқа қатысатын адамдар он шақты ғана. Драматургтің сахна заңдылығын, театр талаптарын ескергендігі де аңғарылады. Автор адамдарды отырғызып қойып, ұзақ сонар тәжікелестіретін, сөз тугызатын кінәратқа бойын аудармай, шағын әрекетті көріністерді ауыстырып отырады. Сонымен қатар Сәуле мен Сырдақ арасындағы тартысқа қатысты оқиганың өрбу реті мен қызметкердің қазіргі типі деген өзекке шынайылықпен ойысып отырғанын байқаймыз.

Т.Ахтановтың ендігі бір драмасы «Махаббат мұңы» атты пьесасындағы жаңа ғана шешек атып келе жатқан балауса қыздың жан сезімін суреттеудегі шеберлігі туралы да сөз болады. Жалпы қазақ драматургиясындағы халық жүрегінен берік орын алған, классикалық туындылардағы махаббат сценалары негізінен романтикалық ыңғайда, көтеріңкі лепте жазылғанын да қаламгер ерекше үлгіде жеткізе алған.

Кілт сөздер: драматург, пьеса, кейіпкер, тартыс, шеберлік.